

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

қызметтерді сатып алу туралы

<қызметтердің атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӨ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӨ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 2) тармақшасына және 134-тармағына сәйкес <хаттама бекітілген күн> баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <қызметтердің атауы> қызметтерін сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші _____ сатып алу порталында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <қызметтердің атауы> (бұдан әрі - Қызметтер) қызметтерін сатып алуды өткізетіндігі туралы хабарландыруды орналастырды және Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге ___ тиын (_____ теңге ___ тиын) мөлшеріндегі сомаға баға ұсыныстарын қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда Қызметтер көрсету бойынша міндеттемені өзіне қабылдайды, ал Тапсырыс беруші Қызметтерді Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Сатып алынатын қызметтің тізбесі, техникалық ерекше нұсқамасы және техникалық қызмет көрсету кестесі (бұдан әрі - Кесте) Шартқа 1 және 2-қосымшаларда көзделген.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС қоса есептегенде> _____ теңге ___ тиынды (___ теңге ___ тиын) (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға _____ теңге ___ тиын (___ теңге ___ тиын) мөлшеріндегі Қызметтер құны, <және _____ теңге ___ тиын (_____ теңге ___ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Шарттың Жалпы сомасынан

Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады)> кіреді. Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығындары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Жеткізуші төлем шотын (шот-фактураны, Жеткізуші бейрезидент болса, инвойсты) берген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың 14-бөлімінде немесе Шарттың 10.1-тармағында көзделген хабарламада көрсетілген деректемелер бойынша жарты жыл сайын төлейді.

Қызмет көрсету кезінде пайдаланылған қосалқы бөлшектер мен шығыс материалдары үшін төлем көрсетілген қызмет актісінде (бұдан әрі – Акт) көрсетілетін Шартқа 2-қосымшада көрсетілген бағалар бойынша жүргізіледі. Шығыс материалдарының құны Шарттың жалпы сомасына кіреді.

Төлем шоты екі Тарап та Актіге қол қойғаннан кейін беріледі.

Қағаз тасымалдағыштағы төлем шоты Тапсырыс берушіге Жеткізушінің басшысы немесе оны ауыстыратын тұлға қол қойған ілеспе хатпен бірге беріледі. Ілеспе хатта Жеткізуші Шарттың атауын, күнін және нөмірін көрсетуі тиіс.

Шот-фактураны Жеткізуші Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жазып береді.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ___ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың Жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес

келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі 5 (бес) күнтізбелік күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып Тапсырыс беруші қабылдайды.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушінің Шарт талаптарына сәйкес көрсеткен Қызметтерін Акті негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған қажетті құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға;
- 3) төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге **міндеттенеді**.
- 4) Жеткізушінің Қызмет көрсету үшін тартылған қызметкерлеріне Тапсырыс берушінің Өткізу және объектішілік режимдер бойынша нұсқама өткізуге;
- 5) Шарт талаптарына сәйкес Актіге қол қоюға;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сай өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау жөнінде кіріспе нұсқама және жұмыс орындарында нұсқама жүргізуге;
- 7) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде пара алу (беру), бопсалаушылық, лауазымды тұлғаны параға жығу фактілері және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған басқа құқыққа қарсы іс-әрекеттер анықталған жағдайда, ол туралы Тараптардың басшыларына және уәкілетті органға жазбаша түрде хабарлауға міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің толық көлемде және мерзімде тиісті түрде көрсетілуін талап етуге;
- 2) Қызметтер көрсету барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) Қызметтер көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында кемшіліктер, ескертулер, сәйкес келмеулер, олқылықтар, қателер (бұдан әрі – ақаулар) анықталған жағдайда, анықталған ақаулар туралы жазбаша ескерту жіберу арқылы Жеткізушіден оларды

Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге немесе Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тартуды жолдай отырып, толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға және Актіге қол қоймауға;

4) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;

5) Шарттың 3.3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;

6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге **құқылы**.

7) Жеткізушіден оның өкілдерінің Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдерінің талаптарын сақтауын талап етуге;

8) Жеткізушіден Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушінің аумағында және ғимаратында, жұмыс учаскелерінде және жұмыс орындарында тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын, өрт қауіпсіздігі ережелерін, қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау ережелерін сақтауды талап етуге;

9) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда ақы төлемеуге;

10) Шарттың талаптарына және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жеткізушіге есептелген тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды, айыппұлдарды) шегере отырып, төлем жүргізуге;

11) Шарттың 2.2-тармағында көрсетілген қағаз тасымалдауыштағы немесе электронды түрдегі құжаттар дұрыс ресімделмеген жағдайда, Жеткізушіге себептерін көрсете отырып қағаз тасымалдағыштағы құжаттарды қайтаруға немесе электронды құжатты қабылдауға келіспейтіні туралы хат жолдауға;

12) Қызмет көрсету кезеңінде Жеткізушіден техникалық көмек пен кеңесті тегін алуға;

13) Жеткізушінің Кестені (Шартқа 3-қосымша) орындауын бақылауға;

14) Кепілдіктің қолданылу кезеңінде көрсетілген Қызметте Тапсырыс берушінің кінәсіз туындаған ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші ақаулар анықталған күннен кейінгі 2 (екі) жұмыс күні ішінде Жеткізушіге ақаулардың бар екені туралы жазбаша хабарлама жібереді.

3.3. Жеткізуші:

1) Қызметтерді Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде көрсетуге;

2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қызмет көрсетудің барысы туралы ақпарат ұсынуға;

3) Қызметтерді білікті мамандардың көрсетуін қамтамасыз етуге;

4) Қызмет көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында Тапсырыс беруші ақауларды анықтаған жағдайда, анықталған ақаулар туралы Тапсырыс берушіден хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен жоюға;

5) Жеткізушінің ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоюы мүмкін болмағанда/оны жоюдан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

6) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия түрінде сақтауға;

7) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе оны тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

8) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген кезде Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара түрде басқа біреуге бермеуге;

10) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға **міндеттенеді**.

11) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау басталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын (шетел азаматтары мен шетелдік ұйымдардың өкілдері үшін 25 (жиырма бес) жұмыс күні бұрын):

Қызметті көрсетуге тартылатын қызметкерлердің тегін, атын, әкесінің атын көрсете отырып, рұқсат берілетін жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, Тапсырыс берушінің аумағына және ғимаратына кіруге рұқсат беру туралы (қажет болған жағдайда ұсынылады);

атауын, маркасын, түрі мен санын көрсете отырып, жабдықтар мен құрал-саймандарын алып кіру туралы (қажет жағдайда ұсынылады);

атауын, маркасын, түрі мен санын және Шарт талаптарын орындау барысында оларды пайдалану қажеттігін негіздей, оларды пайдаланатын тұлғаларды көрсете отырып, қызметтік:

есептеуіш техника құралдарын (компьютерлерді, тасымал компьютерлерді және басқаларын), тасымалды электронды ақпарат тасымалдауыштарын (флеш-дискілерді, CD, DVD-дискілерді, магнитті таспаларды, ZIP, қатқыл дискілерді және басқаларын), бейне-, кино-, фототүсіру функцияларынсыз және ашық операциялық жүйе мен функцияларсыз қалта телефондарын (WIFI, WI-Lan, Bluetooth, IR және басқа сымсыз қолжетімді модульдерін) алып кіру туралы (қажет жағдайда ұсынылады);

маркасы мен мемлекеттік нөмірін көрсете отырып, автокөлік құралдарын (тіркеу құжаттары бойынша) кіргізу туралы (қажет жағдайда ұсынылады) хат жіберуге;

12) Тапсырыс берушінің аумағы мен ғимаратына кіру/шығу кезінде жеке басын куәландыратын құжатты, мүлікке ілеспе құжаттарды өзімен бірге алып жүруге және көрсетуге және келу мақсаты туралы хабарлауға, тиісті тексеру рәсімдерінен өтуге (кіру/шығу кезінде) (уақытша рұқсаттама бойынша рұқсат етілген жағдайда, ғимаратқа кіру кезінде оны рұқсаттама бюросына көрсетуге);

13) Тапсырыс берушінің аумағына (аумағынан) және ғимаратына (ғимаратынан) мына заттарды:

атыс, суық қару және өзге қаруларды, оқ-дәрілерді;

адам ағзасына емдік немесе профилактикалық әсер етуді қолдауға, не ағзаның органдары мен жүйелерінің функцияларын алмастыруға немесе түзетуге арналған медициналық аппараттар мен жабдықтарды қоспағанда, жеке көзбен шолып бақылау құралдары, бейне -, кино- және фотоаппаратуралар, жазу құрылғыларын, есептеу техникасын, ақпаратты машиналық тасымалдауыштарды (флеш-карталар, USB-дискілер және басқалар), мобильді байланыс құралдарын, сондай-ақ оларға керек-жарақтарды, жеке электрондық техниканы, радиотехникалық және басқа да аппаратураларды;

деректерді беру, сондай-ақ халықаралық жаһандық желілерге және Интернет желісіне (Wi-Fi, Bluetooth, 3G, 4G, 5G және басқалары) шығу мүмкіндігі бар техникалық құрылғыларды, соның ішінде сымсыз құрылғыларды;

- уландырғыш заттарды және күшті әсер ететін улы заттарды;
бактериологиялық, биологиялық және химиялық заттарды;
радиоактивті заттарды;
психотроптық заттарды, жарылғыш заттарды, жарылғыш құрылғыларды, жарылыс қаупі бар және тез тұтанатын заттарды;
алкогольдік ішімдіктерді, есірткі заттарды, тез тұтанатын сұйықтықтарды (өндірістік мақсаттарға қажеттілерді қоспағанда) көлікпен әкелуге (әкетуге), алып кіруге (алып шығуға), сондай-ақ пайдалануға тыйым салу туралы режимдік талаптарды сақтауға;
- 14) Қызмет көрсету басталғанға дейін Қызмет көрсетуге тартылған қызметкерлердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау жөніндегі кіріспе нұсқамадан және жұмыс орнында нұсқамадан, сондай-ақ Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдері бойынша нұсқамадан өтуін қамтамасыз етуге;
- 15) Қызмет көрсеткен кезде Жеткізушіден Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушінің аумағында және ғимаратында, жұмыс учаскелері мен жұмыс орындарында өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау қағидаларының, тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану ережелерінің, Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдері талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;
- 16) Қызмет көрсету басталғанға дейін Жеткізуші, қосалқы мердігер қызметкерлерінің Қызмет көрсету кезінде алынған құпия ақпаратты Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан жария етпеу туралы міндеттемеге қол қоюын қамтамасыз етуге;
- 17) Қызмет көрсету кезінде және ақауларды жою кезінде санитариялық-гигиеналық, экологиялық, өртке қарсы және басқа да халықаралық (қазақстандық) стандарттарға, талаптарға, нормаларға, қағидаларға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай келетін автокөлікті, жаңа, пайдаланылмаған және тиісті (жоғары) сападағы жабдықтарды, материалдарды, конструкцияларды, тораптар мен бөлшектерді пайдалануға. Жабдықты, автокөлікті, сапалы материалдарды, конструкцияларды, тораптар мен бөлшектерді беруге байланысты барлық шығындарды Жеткізуші өзіне алады;
- 18) Қызметтің Шартта ескерілмеген қосымша түрлері мен көлемі пайда болған жағдайда олар туралы келісу және Шарттың жалпы сомасының шегінде орындау үшін бұл туралы Тапсырыс берушіге жазбаша және уақтылы хабарлауға;
- 19) Шарт бұзылған жағдайда, Өзара есеп айырысуды салыстырып тексеру актісіне оны Тапсырыс берушіден алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қол қоюға;
- 20) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудың мүмкін еместігі салдарынан біржақты тәртіппен Шарт бұзылған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіге жазбаша хабарлауға, Шарттың талаптарына сәйкес шығынды толық көлемде өтеуге және тұрақсыздық айыбын төлеуге;
- 21) Қызмет көрсету кезінде Жеткізушінің кінәсінен үшінші тұлғаларға залал келтіру немесе қателіктер жіберу себебінен олардың Тапсырыс берушіге қоятын талаптары мен шағымдарынан Тапсырыс берушіні қорғауға;
- 22) білімі мен барлық мүмкіндіктерін толық пайдалана отырып, жұмысты бақылауға және бағыттауға. Жеткізуші Қызмет көрсету құралдарына, әдістеріне, техникасына, кезектілігіне және сапасына, сондай-ақ Шарт бойынша барлық жұмыстардың үйлестірілуіне толық жауап береді;
- 23) Қызмет көрсетуге байланысты техникалық мәселелерді шешу бойынша практикалық көмек көрсетуге;
- 24) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде пара алу (беру), бопсалау, лауазымды адамды параға жығу фактілері және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым

салынған басқа да құқыққа қайшы әрекеттер анықталған жағдайда, бұл туралы Тараптардың басшыларына және уәкілетті органға жазбаша түрде хабарлауға;

25) Кестені (Шартқа 3-қосымша) сақтауға;

26) Қызмет көрсету үшін Жеткізушіге берілген Тапсырыс беруші жабдықтарының, материалдарының, құжаттарының сақталуын қамтамасыз етуге. Материалдарды, құжаттарды және жабдықтардың жұмысқа жарамдылығын қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда, жөндеуге (қалпына келтіруге) және жөндеу (қалпына келтіру) кезінде амалсыз тоқтап тұруға кеткен барлық шығынды жөндеу мерзімі ішінде (жіберіп алған пайда үшін де) өтеуге;

27) егер Тапсырыс беруші себебін көрсете отырып, Жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын тұлғаны Қызмет көрсетуден шеттету туралы өтінген жағдайда, 72 сағат ішінде шеттетуге, бұдан кейін аталған тұлғаның Қызмет көрсетумен еш байланысы болмауы тиіс;

28) Жеткізуші жеткізетін бүкіл материалдар мен жабдықтарды жеткізуді, тасымалдауды, түсіруді және сақтауды ұйымдастыруға жауапты болуға міндетті. Жеткізулер тек Жеткізушінің атына ғана жүзеге асырылады. Қандай жағдай болмасын Тапсырыс беруші жеткізумен, өндеумен, сақтаумен және көлік құралдарының тұрып қалған уақытын төлеумен байланысты шығындарға жауап бермейді. Ешқандай жеткізілімдер Тапсырыс берушінің мекенжайына жіберілмейді;

29) Жеткізушінің кінәсінен Қызмет көрсету кезінде Тапсырыс берушінің жабдығы істен шыққан, сынған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс беруші белгілеген мерзім ішінде өз есебінен жабдықтың жұмысқа жарамдылығын қалпына келтіруге;

30) Тапсырыс берушінің жауапты қызметкерлеріне жабдыққа техникалық қызмет көрсету бойынша оқыту жүргізуге;

31) Актіге қол қойылғанға дейін Тапсырыс берушіге жабдықтың техникалық жай-күйі (ауыстыруға жататын қосалқы бөлшектердің, тораптар мен бөлшектердің тізбесі) бойынша жазбаша ұсынымдар беруге;

32) Жеткізушінің кінәсінен техникалық қызмет көрсетудің жарты жылдығы арасындағы кезеңде анықталған ақауларды Жеткізуші Шарттың бүкіл қолданысы ішінде жоюға;

33) көрсетілген Қызметтің сапасына:

бірінші жарты жылдықта Қызмет көрсетілгеннен кейін келесі Қызмет (техникалық қызмет көрсету) көрсетілгенге дейін;

екінші жартыжылдықта Қызмет көрсетілгеннен кейін 6 (алты) ай ішінде;

Тараптар Актіге қол қойған күннен бастап кепілдік беруге.

Актіде Шарттың осы бөлімінің талаптарына сәйкес Жеткізушінің кепілдік міндеттемелері және оған Тараптар қол қойған күннен бастап олардың қолданылу мерзімі міндетті түрде көрсетіледі;

34) Тапсырыс берушінің кепілдік мерзімі кезеңінде көрсетілген Қызметте анықталған ақаулар туралы жазбаша хабарламасын алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ақауларды өз есебінен жоюға;

35) ақауы жойылған Қызметке кепілдік мерзімі ақауларды жою жүргізілген уақыт кезеңіне ұзартылады. Бұл ретте ұзарту мерзімін ескере отырып, кепілдік мерзімінің аяқталу күні Тараптар қол қойған ақауларды жою актісінде көрсетіледі.

3.4. Жеткізуші:

1) Қызметтерді көрсеткен кезде бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің бірлесіп орындаушыларға жалпы Қызметтер көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Қызметтер көлемін беруге рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызметтер көрсету үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметтер үшін төлем алуға **құқылы**.

4) өндірістік қажеттілік жағдайында, Қызмет көрсету кезінде мереке, демалыс күндері, сондай-ақ жұмыстан тыс уақытта жұмыс істеуге құқылы.

4. ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

4.1. Қызметтер көрсету мерзімі - қызмет көрсету мерзімі көрсетілген кезеңде Қызмет көрсетілгенге дейін Кестеге (Шартқа 3-қосымша) сәйкес жылына екі рет белгіленеді.

4.2. Қызметтер көрсету орны: A01T7M2, Алматы қ., Райымбек даңғылы, № 511 үй.

5. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Қызмет көрсету аяқталғаннан кейін Жеткізуші Тапсырыс берушіге:

Шарттың 3.3-тармағының 31) тармақшасына сәйкес ұсынымдарды;

Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша Жеткізуші қол қойған Актіні береді.

5.2. Тапсырыс беруші Жеткізушінің көрсеткен Қызметін күнтізбелік 2 (екі) күн ішінде жүзеге асырады.

5.3. Ақаулар болмаған немесе жойылған жағдайда Тапсырыс беруші Актіге 1 (бір) күнтізбелік күн ішінде қол қояды.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзімді бұзған жағдайда - кешіктірілген әр күнтізбелік күн үшін Шарттың Жалпы сомасының 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасының 5% (бес пайызынан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жою мерзімі бұзылған жағдайда - ақауларды жою күнін қоса алғанда, кешіктірілген әр күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 5% (бес пайызынан) аспайтын өсімпұл;

3) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жою мүмкін болмаған/жоюдан бас тартқан жағдайда - Шарттың Жалпы сомасының 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.3. Тараптардың бірі Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, жасырын ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың Жалпы сомасының 10 % (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші Жеткізушіден өзінен алынған жасырын ақпаратты жариялау салдарынан туындаған залалды өтеуді талап етуге құқылы.

6.4. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл

төлейді.

6.5. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісті түрде орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 10 % (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.6. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.7. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.8. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.9. Жеткізуші Тапсырыс берушінің мүлкіне, өз қызметкерлерінің және қосалқы мердігерлер қызметкерлерінің меншігі мен денсаулығына, сондай-ақ өз қызметкерлері мен қосалқы мердігерлер қызметкерлерінің қаза болуына байланысты және Шартты орындау барысында және оның салдарынан туындайтын барлық тәуекелдер үшін жауапкершілік алады.

6.10. Қызмет көрсету барысында Жеткізушінің кінәсінен өрт, апаттар, жазатайым оқиғалар орын алған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге келтірілген залалды жоюға кеткен барлық шығынды Тапсырыс берушінің Жеткізушіге төлем шоты мен еркін нысанда ресімделген және Тараптардың өкілдері қол қойған Келтірілген залал актісін ұсынған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде төлейді. Өрт, апаттар, жазатайым оқиғалар болу фактілерін өрт сөндіру, апаттар мен жазатайым оқиғаларды жою жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға жауапты тиісті мемлекеттік органның бөлімшесі растайды. Келтірілген залал сомасын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәуелсіз бағалаушы анықтайды. Бұл ретте бағалау шығындарын Жеткізуші төлейді.

Жеткізуші өз кінәсінен болған өрттің, авариялардың, жазатайым оқиғалардың салдарын өз ресурстары мен қаражаты есебінен өз бетінше жоюға құқылы.

Келтірілген залалдың салдарын жою мерзімі келтірілген залалдың көлеміне қарай комиссиялық тәртіппен айқындалады және еркін нысанда жасалған және Тараптар қол қойған келтірілген залал актісінде көрсетіледі.

6.11. Жеткізуші Қызметкөрсету кезінде Жеткізушінің қызметкерлерімен және қосалқы мердігердің қызметкерлерімен болған барлық жазатайым оқиғалар бойынша, оның ішінде оны қызметкерлердің және қосалқы мердігер қызметкерлерінің:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын, өрт қауіпсіздігі қағидаларын, Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі заңнамасына сәйкес техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларын;

2) электр қондырғыларын пайдалану тәртібін реттейтін стандарттардың талаптарына сәйкес электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі электр қауіпсіздігі мен қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтамағаны үшін жауапкершілік алады.

6.12. Жеткізуші өзіне берілген жабдықтың, автокөліктің, сапалы материалдардың, автокөліктің, сапалы материалдардың, конструкциялардың, тораптар мен бөлшектердің тиісінше сапада болмағаны үшін, сондай-ақ үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынған жабдықты, автокөлікті, сапалы материалдарды, конструкцияларды, тораптар мен бөлшектерді

бергені үшін жауапкершілік алады.

7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде (оның ішінде Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған ақпарат) белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына :

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсыну. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және бұл шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апаттар, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, шектеу шаралары жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Тараптар болжай алмайтын және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер ететін Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған

жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;

2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;

3) сатып алу қорытындысына әсер еткен сатып алу Қағидаларын және (немесе) талаптарын бұзу анықталған;

4) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;

5) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;

6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;

7) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кез келген сатыда біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде электрондық нысанда жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекенжайы>
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекенжайы>
<Тапсырыс берушінің ЖСК>
<банк атауы>
<Тапсырыс берушінің БСН>
<Тапсырыс берушінің БСК>
<Тапсырыс берушінің БЕК>
Тапсырыс беруші атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>
<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекенжайы>
<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекенжайы>
<Жеткізушінің ЖСК>
<банк атауы>
<Жеткізушінің БСН>
<Жеткізушінің БСК>
<Жеткізушінің БЕК>
Жеткізуші атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ө. - аты-жөні.

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках услуг

<наименование услуг>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 2) пункта 17 и пунктом 134 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок услуг <наименование услуг> способом запроса ценовых предложений <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

